

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Педагогика және психология кафедрасы

Іскер адамның имиджі



Орындаған: Тәжі Ж.Б
Тексерген: Сабаз А.Т

Имидж» деген не?

«ітада» келбет, әсер

«Имидж» сөзі
ағылшын тілінен
аударғанда
«бейне» дегенді
білдіреді

Имидж АРНАЙЫ жасалған келбет. Яғни, адам өзі қалдырғысы келетін әсер туралы ойлануы, сол орайда жұмыстануы керек. Имидж әсер етудің ең маңызды құралдарының бірі.



Имидж – өзіне тән белгілі ерекшеліктері бар интегралды құбылыс.

Ол ерекшеліктерге үйлесімділік, тұтастық, бөліктердің бірлігі жатады.

Психологтардың дәлелдеуінше, адам туралы бірінші әсер алғашқы 20-30 секундтың ішінде қалыптасады.

Чем проповедь выслушивать,
мне лучше бы взглянуть.
И лучше проводить меня,
чем указать мне путь.
Глаза умнее слуха
и поймут все без труда.
Слова порой запутаны,
Пример же никогда.

**Сыртқы келбет табысқа жетелейді,
болмаса табысқа
жеткізбейді**

Имидж бойынша ағылшын маманы Мэри Спиллейн былай дейді:

**«Сізде шын мәнінде имидж болсын десеңіз,
онда оның тұтас болғанын қадағалаңыз».**



Жалпы, имидждің құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады (В.М. Шепель бойынша):

▶ Қызметтік қарым-қатынас этикеті.

▶ Визуальді бейне:

а) физиологиялық белгілер – бойдың, дене бітімнің,
шаш үлгісінің үйлесімділігі;

б) өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ
киім, аксессуарлар.

Тіл табыса білу қабілеті

(ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі).

Бейненің вербальді емес құралдары

(мимикасы, қол сілтеуі, тұрған тұрысы, жүрісі, қозғалысы).

Өзін-өзі бағалау (өзіне-өзі сену немесе сенбеу, талаптану).

Кәсібилілік және құзырлылық

(кәсіби дағдылар мен икемділіктерді игеру).

Жеке-іскерлік қасиеттер

(эмоционалды байсалдылық, креативтік, белсенділік).

Имидждің құрамы

1

- бейне (адам кіргенде пайда болатын және ол кеткеннен кейін де қалатын)

2

- сыртқы аспект
- (мінез-құлық мәнері, жүрісі, дене қимылы, мимикасы, киім киюі, шаш үлгісі)

3

- ішкі аспект (ой өрісі, ниеті, білімдарлығы, адамгершілігі, қызығушылықтары)

4

- процессуальды аспект
- (темперамент, екпіні, қозғалысының үйлесімділігі, іс-әрекеті, сезімталдылығы)



КИІМ

СТИЛЬ

ИМИДЖ

ШАШ ҮЛГІСІ

ЖҮРІС-ТҰРЫС

МАКИЯЖ

АЯҚ КИІМ

Имиджіңізге сай болуға киім үлгісі, түсі және аксессуарлар көмектеседі. Бұл тақырыпқа бір кітап арнауға болады, алайда біздер имидж құрудың тек бірнеше аспектілерін ғана қарастырамыз. Кейбір абстракт түсініктер біздің санамызға қандай да бір түспен сәйкестік береді. Сырт келбетіңіздің көмегімен айналаңыздағы адамдардың сізге деген көзқарасын қалыптастыруға болады, тіптен өз-өзіңізге деген көзқарасыңызды да жөндей аласыз.



Имидж – адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектесетін құрал.
Жалпы, адамдардың 85% бізбен танысқан алғашқы бес секундта қалдырған сыртқы әсер бойынша баға береді деп есептеледі. Сол себепті басшыға өзін таныстыра, көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор.
Егер басшының сыртқы түрі тартымды болса, онда ол көпшілікті аузын ашпай тұрып-ақ өзіне бас игізе алады.



**Имидждегі ең
маңыздылары –
адамның
ұстанымы, өмірлік
мақсаты –
жеңімпаздың
психологиясына
сай болуы керек**

**өзін-өзі жоғары
бағалауы**

- **оптимизм**
- **ізгілікке сену**
- **сезіну икемділігі және бәріне түсінушілікпен қарау**
- **өзгере алу икемділігі және жаңаны қабылдау**

көркемділік –
имидждің бірінші
құрауышы.
Басшының киген
киімінің түсі де,
макияжы да, шаш
үлгісі де
маңызды рөл



Алай да көркем де әсем сыртқы бейне жеткіліксіз.
Басшы өзін ыңғайлы да сенімді сезінуі керек.

Визуалды
көркемділікпен
бірге имидж
басшының
сөйлеу мәнеріне
де
байланысты

Басшының сөйлеуі өзінің табиғилығымен, әдемілігімен, үйлесімділігімен ерекшелінуі керек.

Сөйтіп, басшының дауысы:

- көрнекті
- ашық
- үнді
- нақты болып, өзіне адамдардың назарын аудартып, ойлауға, іс-әрекет жасауға шақыруы керек.




Дауыстың қаттылығы

Дауысыңызды қатты шығармаңыз, бірақ сізді бәрі еститіндей сөйлеңіз


Дауыстың қаттылығын түрлендіріп тұрыңыз, ол сөйлеуді түрлендіреді

Маңызды сәттерді бөліп алу үшін дауыс қаттылығының әр-түрлі деңгейін қолданыңыз

Дауыс тембрі




**Тембр –
сезімталдылықтың
көрсеткіші**



**Жағымды дауыс – өз
тынысын қадағалайтын
сабырлы адамның
дауысы**

Сіздің сөйлеу мәнеріңіз грамматикалық жағынан дұрыс, қызықты болғаны дұрыс



Басшыға қойылатын талаптар:

- ешқашан айқайламау
- адамдарды жақсы көру
- адамдар туралы жақсылықтарды көп білуге тырысу
- оқушыларды, педагогтарды қауіп-қатерлерден қорғау
- ешқашан адамдардың шындығын өздеріне қарсы пайдаланбау
- кешіре білу
- естіп көре білу
- көмектесе білу (көмек жарнама үшін берілмегені жөн)
- тоса білу және шыдамды болу
- қызметкерлерді табысқа жетелей білу
- әр адамның бабын таба білу
- қызықты бола білу
- жақсы көре тұра талап ете білу және талап ете тұра жақсы көре білу

ІСКЕР ӘЙЕЛ АДАМ ГАРДЕРОБЫ



Костюм юбка

Сәннің үлгісі бастау алған еуропа мен өзіндік киіну мәнері бар шығыс елдерінің ортасындамыз яғни біз сол екі сән державалары саналатын аймақтың өзіндік бір ерекшелігі бар миксі, яғни өзгеше бір қосындысымыз. Біздің жастардың қызы да, ұлы да сымбатты, көрікті келеді. Сонымен қатар, сәнді болу дегеніміз салауатты өмір салтын ұстану және бақытты өмір сүру. Бүгінгі соңғы тенденцияларға құлақ түрсек, мәселен бір киімді кию, мақсатты түрде сол брендті таңдау емес, керісінше жарасымды, үйлесімді киіне білу сән үлгісі болып есептеледі. Енді мұнда тағы бір мәселе бар. Сән үлгісі дегеніміз тек қана жарасымды киім кию ғана емес, онымен қоса, әЕң дұрысы классикалық үлгідегі іскери костюм.

Костюм сіздің бітіміңізге қонымды болып, сәл кеңдеу болғаны жөнкологиялық таза киімдерді кию болып саналады



Қыздар мен әйел адамдар үшін айналасындағыларға жағымды әсер қалдыруға көмектесетін негізгі нәрселер:

- ▶ әдемі киім;
- ▶ көз тартарлық шаш үлгісі;
- ▶ жұқалтаң бояу (макияж);
- ▶ ажарлы аксессуарлар.
- ▶ Үлкен салпыншақ сырға мен жалпақ қалың білезік тағудан және ұзын шашыңызды жайып жүруден аулақ болыңыз;
- ▶ Мүмкіндігінше сапалы киім алуға тырысыңыз, демек қымбаттау киім алған дұрыс;
- ▶ Белдемшеңіздің (юбка) жабысқан тар емес еркін тұрғаны жөн, өйткені олар онсыз да жүріп, тұрғаныңызда тартылып тұрады;
- ▶ Кеудешенің (блузка) алдының ойығы қолтығыңыздың деңгейінен төмен болмауы керек, әрі іскери кездесу кезінде үнемі жакетпен жабылып тұрғаны жөн;
- ▶ Шұлық пен колготка кию міндетті;
- ▶ Жұмыста иісі өткір иіссу жағудың қажеті жоқ. Сізден үнемі тазалық пен жағымды иіс аңқып тұруы тиіс.

Аяқ киім


- ▶ Жұмысқа киетін аяқ киім алғанда мына ережені естен шығармаңыз:
- ▶ туфлидегі түрлі-түсті әшекейден аулақ болыңыз (олар тек би кешіне жарасады);
- ▶ жаздың күні сәнге айналатын «металл» түсті аяқ киімді көптеген мекемелерде киюге болмайды;
- ▶ жалпақ тақалы немесе өте жабық туфли тек шалбармен ғана киюге қолайлы, ал көйлек, костюм, белдемшемен киюге жарамайды;
- ▶ туфлиіңіздегі әшекейдің мүмкіндігінше аз болғаны дұрыс;
- ▶ қыста қою көк, қара, қоңыр түсті, ал жазда киіміңіздің түсіне сәйкесіп тұрғаны жөн, алайда жазғы аяқ киімнің кең таралған түсі ашық сұр мен қою қызыл не қан қызыл.






Ер адамдардың сәні әйел адамдарға қарағанда консервативті болып келеді. Алайда ер адамның киімі сәннен жұрдай деп айтуға болмайды. Соңғы жылдары ер адамдарға арналған сән үлгісінің өскені байқалады. Ер адамның гардеро-бында мына киімдердің болғаны дұрыс:.



- 
- ▶ жіңішке жолақ сызықты немесе тор көзді түсі ашық емес – күнделікті костюм;
 - ▶ мүмкіндігінше қатаңдау, сұр, қара көк немесе т.б. қоңыр түсті - күнделікті костюм;
 - ▶ Түсі, матасының сапасы жағынан шебер таңдалған осындай екі костюмді бір-бірімен үйлестіріп киюге де болады. Бұл жағдайда бір түсті бешпентке тор көзді немесе жолақ сызықты шалбар, ал керісінше тор көзді не жолақ сызықты бешпенке бір түсті шалбар үйлеседі.
 - ▶ салтанатты жағдайға арналған, қара, қара көк немесе қара сұр түсті – қатаң костюмдер;
 - ▶ Мерекеге киетін қоңыр түсті костюмдермен міндетті түрде ақ жейде, қара бәтеңке, қара шұлық киіледі. Мұндай костюмнің төс қалтасынан ақ түсті бет орамалдың шеті көрініп тұруы керек.

Фракпен крахмалданған маниш, ақ түсті «көбелек» галстук, ақ жилет, ал салтанатты жағдайларда (тіпті қазаға да) лактелген қара бәтеңке, қара шұлық киіледі. Фрактың ішінен киетін жилеттің барлық түймелері салулы болуы керек. Төс қалтасына ақ түсті бет орамал салынады. Фракты кешкі алтыдан кейін салтанатты банкеттер мен ресми қабылдауларға киеді. Егер фракты кешке киетін болсаңыз ақ түсті жилетпен, ал салтанатты жағдайларда күндіздің өзінде қара жилет киіледі. Смокинг сияқты фрактың да жағасының қайырылған беті қара жібектен тігіледі, ал шалбарында бір жібек галунның орнына екеуі жүргізіледі.



Сако – қара шалбар мен қара-сұр жолағы бар бешпенттен тұратын костюм. Сакомен ақ түсті фракпен киетін жейде, жалпақ немесе қалыпты жылтыр-сұр галстук тағып, сұр немесе қара жилет, қара бәтеңке кию керек.

Шалбар сатып алғанда өз гардеробыңыздағы барлық киімдеріңіз-бен үйлесетіндей болуына назар аударыңыз. Поплин матадан тігілген шалбарға спорттық жейделер үйлеседі. Ши барқыт шалбар (вельвет) әдетте жіңішке кісілерге ғана жарасады да, оны жүннен жасалған киімдермен үйлестіріп киеді. Спорттық костюмге «көбелек» галстук пен лактелген бәтеңке үйлеспейді.

Бешпенттің үлгісі маңызды болып саналады, өйткені киім үлгісінің жалпы стилі соған байланысты. Егер өз бейнеңізге қатаңдық пен байсалдылық енгізгіңіз келсе классикалық үлгідегі бешпент таңдаңыз. Ал спорттық үлгідегі бешпент, күрте-бешпент сіздің киіміңізге тәуелсіздік, кейде тіпті ұшқалақтықтың жеңіл реңкін береді.

Бешпенттің түсі сіз туралы көп нәрсе айта алады, сондықтан түсін дұрыс таңдай біліңіз. Әдетте классикалық бешпент дәстүрлі түстерден, ал еркін стиль мейлінше ашық түсті болады. дей тұрғанмен соңғы уақытта дизайнерлер жаңа қызықты шешімдер тауып жүр. Олар түрлі түстер мен үлгілерді араластырып «ойнайды», классикалық үлгідегі бешпентті ашық түсті, керісінше спорттық бешпентті ұстамды сұр түсті етіп те шығарады.





Галстук

- ▶ Галстук әрқашан да өз иесінің талғамын көрсетіп тұрады. Галстукты дұрыс байласаңыз ғана ол сізге көрік беріп жақсы пікір қалыптастырады, ал егер дұрыс байламасаңыз сіздің мінсіз кейпіңізге нұсқан келді дей беріңіз. Галстуктың негізгі 3 түрі бар. Байланбалы - өзіңіз байлайтын галстук, регат - өзі байлаулы дайын күйінде болатын галстук, «көбелек» - көбелек пішінді жіпке бекітілген галстук. Қолданылу мақсатына қарай галстуктер:
 - ▶ реңі костюміңізбен үйлесіп таңдалатын әр түрлі түсті күнделікті галстук, мұндай галстукты жейдемен, бешпентпен тағады;
 - ▶ классикалық суреті бар матадан тігілген, қатаң түстерден тұратын (қара, сұр, қоңыр, қара көк) дәстүрлі ресми галстуктер;
 - ▶ ашық түсті, суретті жазғы галстуктер.



Если хотите добиться успеха


- ВЫ ДОЛЖНЫ:

- ▶ ЗДОРОВАТЬСЯ ЗА РУКУ
- ▶ СОСТАВЛЯТЬ РЕЗЮМЕ
- ▶ ОКРУЖАТЬ СЕБЯ "ПРАВИЛЬНЫМИ" МЕЛОЧАМИ
- ▶ СВОБОДНО ГОВОРИТЬ ХОТЯ БЫ НА ОДНОМ ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ
- ▶ ПРАВИЛЬНО ДИКТОВАТЬ СВОЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ АДРЕС, ДАЖЕ ЕСЛИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ НЕ ВЛАДЕЕШЬ

Если хотите добиться успеха

- ВЫ ДОЛЖНЫ:

- ▶ ДЕЛАТЬ МАНИКЮР, НЕВЗИРАЯ НА ХРОНИЧЕСКУЮ УСТАЛОСТЬ И ПОЛНОЕ ОТСУТСТВИЕ СВОБОДНОГО ВРЕМЕНИ
- ▶ ПЕРЕСПРАШИВАТЬ
- ▶ ПРЕДУПРЕЖДАТЬ ОБ ОПОЗДАНИЯХ
- ▶ ПОДБИРАТЬ ДЕЛОВОЙ КОСТЮМ
- ▶ ВЕСТИ ЕЖЕНЕДЕЛЬНИК
- ▶ БЫТЬ С КОМПЬЮТЕРОМ НА «ТЫ»



Если хотите добиться успеха - ВЫ ДОЛЖНЫ:

- ▶ **"ГАСИТЬ" УЛЫБКУ**
- ▶ **БЫТЬ ДОСТУПНЫМ МИРУ**
- ▶ **ЗАПОМИНАТЬ ДНИ РОЖДЕНИЯ КОЛЛЕГ**
- ▶ **СОСРЕДОТОЧИВАТЬСЯ**
- ▶ **ОТВЕЧАТЬ (ТО ЕСТЬ НЕ ОТВЕЧАТЬ) НА ВОПРОСЫ О СВОЕЙ ЗАРПЛАТЕ**
- ▶ **СОСТАВЛЯТЬ ДЕЛОВЫЕ ПИСЬМА**
- ▶ **УМЕТЬ ОТКЛЮЧАТЬСЯ**
- ▶ **СТАВИТЬ ЦЕЛИ**